



ЖҰМА,  
2026 жылғы  
1 мамыр

# МЫСТЫ ӨНІР

АЙМАҚТЫҚ АПТАЛЫҚ  
1988 ЖЫЛҒЫ  
30 ШІЛДЕДЕН ШЫҒАДЫ

№ 16 (1912)

[www.mysty-onir.kz](http://www.mysty-onir.kz)

## БІРІНШІ ТОҚСАН ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ: ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ БАҒЫТ



«Қазақмыс» корпорациясы акционер Нұрлан Артықбаевқа және Бақылау кеңесіне 2026 жылғы бірінші тоқсанның қорытындысын ұсынды. Іс-шараға Басқарма төрағасы Руслан Өскенәлі, Бақылау кеңесінің төрағасы Нұрмұхамбет Әбдібеков, басқарма төрағасының орынбасарлары және бағыттарға жетекшілік ететін басшылар қатысты. Мұнда өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғау мәселелері, өндірістік көрсеткіш, әлеуметтік саясат және корпорацияның одан әрі даму кезеңдері талқыланды.



Есепті кезең жүйелі өзгерістерге көшу кезеңіне айналды. Акционерлік құрылым мен басқару моделі жаңартылғаннан кейін компанияда бақылау мен инвестициялық тәртіп күшейтіліп, қауіпсіздікке, жөндеу жұмысына және еңбек жағдайына ерекше көңіл бөлінді. Бұл өндірістік көрсеткіштен де, ішкі үдеріс сапасынан да көрініс тапты.

### Әлеуметтік тұрақтылық сақталды

Бұл ретте жаңа басшылық әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға деген ұстанымын растады және еңбек ұжымы алдындағы барлық міндеттемелерді орындауды өз мойнына алды. Компания Ұжымдық шарт талаптарын іске асыруды жалғастыруда, тоқсандық сыйақы төлеудің қолданыстағы тәртібі сақталып, жұмыскерлер мен олардың отбасына арналған әлеуметтік қолдау шаралары жүзеге асырылуда. Ақпан айында жұмыскерлерге табыстың индекстелген төле-

мі берілді, ал сәуірде кезекті тоқсандық сыйақы төлеу жоспарланған.

2026 жылдың бірінші тоқсанында компанияда өліммен аяқталған жазатайым оқиға тіркелген жоқ, ал өз қызметкерлеріміз арасында жарақаттанғандар саны 41%-ға азайды. Бұл өндірістік қауіпсіздік саласындағы жағдайдың айтарлықтай жақсарғанын көрсетеді.

Жаңа басқарушы команда назарын тек көрсеткіштерге ғана емес, сонымен қатар өндірістегі нақты тәжірибелік өзгерістерге аударды. Тек наурыз айында компания басшылығы өндіріс орындарын 950 рет тікелей аралады, ал жұмыс орындарындағы санитарлық-тұрмыстық жағдайды жақсартуға 3,8 млрд теңге қаражат бөлінді. Бұл шешімдер басшылықтың ұжыммен тікелей әрі тұрақты өзара іс-қимылға көшкенін, сондай-ақ қордаланып қалған тұрмыстық және ұйымдастырушылық мәселелерді жедел шешуге бағытталғанын көрсетті.

Бірінші тоқсанда әлеуметтік жағынан осал топқа жататын 13 отбасыға жаңа пәтердің кілті табысталды, ал жыл соңына дейін 173 қызметкерді тұрғын үймен қамту жоспарланып отыр.

### Өндірістік көрсеткіште – оң нәтиже

Тоқсанның өндірістік қорытындысы бойынша компания өткен кезеңдерден қалған техникалық шектеулерге қарамастан тұрақтылығын сақтады. Бұл өндірілген кендегі мыс құрамы бойынша жоспарды 3,7%-ға асыра орындауға және 68,6 мың тонна көрсеткішіне қол жеткізуге мүмкіндік берді. Концентраттағы мыс өндірісі 62,5 мың тоннаны (+2,3%), ал катодты мыс өндірісі 96,6 мың тоннаны (+0,69%) құрады.

Ең маңыздысы – бұл нәтижеге жаңа команда бұрыннан жиналып қалған мәселелерді шешуге кіріскен кезеңде қол жеткізді. Бірқатар қиындық 2025 жылы жөндеу қорын оңтай-

ландыруға және жөндеу-қалпына келтіру жұмысына қажетті қосалқы бөлшектердің тапшылығына байланысты туындады. Осы ретте 2026 жылдың бірінші тоқсанында компания инвестициялық және жөндеу жұмысын күшейтуге көшті. Өндіру секторында тозығы жеткен 30 бірлік жерасты техникасын ауыстыру туралы шешім қабылданды, ал осы үш ай ішінде мақұлданған инвестицияның жалпы көлемі 245 млн доллардан асты.

Жұмыс ауқымы өндірістік, инфрақұрылымдық және әлеуметтік бағыттарды қатар қамтыды: жабдықты жаңғырту, жөндеу жұмысын күшейту, тұрмыстық нысандарды жаңарту, жұмыскерлерге арналған тұрғын үй бағдарламасын жалғастыру, қауіпсіздікті арттыру және жаңа аймақтық жобаларды іске қосу қолға алынды.

### Ұзақ мерзімді тұрақтылық басымдыққа ие

Геологиялық барлау саласында тоқсан ішінде мыс қоры 132,2 мың тоннаға артты.

Сонымен қатар компания әлеуметтік және өңірлік

бағытта ауқымды жұмысты жалғастыруда. Бірінші тоқсанда Ұлытау, Абай, Қарағанды облыстарының және Жамбыл облысы Шу ауданының әкімдіктерімен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды дамытуға 44,6 млрд теңгеден астам қаражат бағыттала-тын болды. Келісім денсаулық сақтау, білім беру, спорт нысандарын салу мен жаңғыртуды, сондай-ақ жергілікті бизнесті қолдауды және инженерлік инфрақұрылымды дамытуды көздейді.

Бұл жайт компаниядағы өзгерістердің тек өндірістік бағытпен шектелмей, жұмыскерлердің отбасы мен өзіне қатысы бар өңірлер алдындағы жауапкершілігін сезініп отырғанын көрсетеді.

Бірінші тоқсанның қорытындысы акционерлік құрылым мен басқару тәсілдері жаңартылғаннан кейін «Қазақмыста» жүйелі жұмыс үлгісі қалыптасып жатқанын айғақтайды. Қауіпсіздікке қойылатын талап күшейтіліп, атқарушылық тәртіп нығайтылды, инвестициялық белсенділік артып, еңбек ұжымымен тікелей байланыс орнатылды.

Оң өзгерістер бірінші тоқсанның өзінде-ақ нақты нәтиже берді. Бұған өліммен аяқталған жарақаттың болмауы, зардап шеккендер санының азаюы және негізгі өндірістік көрсеткіштердің асыра орындалуы дәлел. Компания тиімділікті, қауіпсіздікті және еңбек жағдайын біртұтас жүйе ретінде қарастыратын модельге біртіндеп көшіп жатыр.

«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС  
PR департаменті.



**Тұрғындар назарына!**

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС келесі жобалар үшін ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулардың өткізілетінін хабарлайды: «2026-2030 жылдарға арналған «Q.I. Satbaev atyndagy Jezqazgan Tau-Ken ondirisi» – «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС филиалы Жыланды кенішінің «Шлакоотвал» учаскесінің атмосфераға шығарылатын ластанушы заттардың рұқсат етілген шығарындылар нормативтері (РЕШН) мен 2026-2030 жылдарға арналған «Q.I. Satbaev atyndagy Jezqazgan Tau-Ken ondirisi» – «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС филиалы Жыланды кенішінің «Шлакоотвал» учаскесінің I санаттағы нысандарға арналған қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), «2026-2030 жылдарға арналған өндірісті экологиялық бақылау бағдарламалары», «2026-2030 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар жоспары».

Әсер ету аумағы: Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, өнеркәсіптік аймақ.  
Қоғамдық тыңдау 2026 жылдың 05 маусым күні сағат 10:00-де Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Қ. Сәтпаев алаңы, 1 мекен-жайы бойынша өтеді.  
Онлайн видеоконференция-байланысқа сілтеме: <https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-ru/j.php?MTID=mb1d76fc9f9bdf2b31c5b10c8d7081264d>  
Жиналыс нөмірі (кіру коды): 2513 449 7666  
Жиналыс құпия сөзі: 123456xX  
УЧАСКЕНІҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ КООРДИНАТТАРЫ:

№	Солтүстік ендік	Шығыс бойлық
1	47°76'74,13"	67°74'76,15"

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС, БСН 050140000656. Өкілі: Бесбаева М.М., «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС GR менеджері, тел. 8(7172)557665 (ішкі нөмер 10894), эл. мекен-жайы: [Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz](mailto:Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz)  
Әзірлеуші: «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты, БСН 050140000656. Өкілі: Сүлейменова А.Б., байланыс телефоны: 8 (7172) 55 76 72 (ішкі нөм.10557), эл. мекен-жайы: [Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz](mailto:Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz)

Жоба материалдары келесі сайттарда орналастырылған: <https://ndbecology.gov.kz> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr>  
Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей <https://ndbecology.gov.kz> сілтемесі бойынша, эл. мекен-жайы [ulytau.obl\\_priroda@mail.ru](mailto:ulytau.obl_priroda@mail.ru) және Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Ғарышкерлер көшесі 15, «Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ пошталық мекенжайы бойынша қабылданады.  
Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу, сондай-ақ белгіленген қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін [Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz](mailto:Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz) эл. мекен-жайы бойынша және тел. нөм.: 8(7172)55 76 72 (ішкі нөм.10557) арқылы сұратуға болады.  
Тіркеу қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 15 минут бұрын жеке куәлік ұсынылған кезде жүргізіледі.

**Вниманию жителей!**

ТОО «Корпорация Казахмыс» уведомляет о проведении общественных слушаний в формате открытого собрания по рассмотрению следующих проектов: «Нормативы допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу (НДВ) участка «Шлакоотвал» Жыландинского рудника филиала ТОО «Корпорация Казахмыс» – «Q.I. Satbaev atyndagy Jezqazgan Tau-Ken ondirisi» на 2026–2030 годы», «Программа управления отходами для объекта I категории участка «Шлакоотвал» Жыландинского рудника филиала ТОО «Корпорация Казахмыс» – «Q.I. Satbaev atyndagy Jezqazgan Tau-Ken ondirisi» на 2026–2030 гг.», «План мероприятий по охране окружающей среды на период 2026–2030 гг.».

Территория воздействия: область Ұлытау, город Жезказған, промзона.  
Общественные слушания будут проведены в 10:00 часов 05 июня 2026 года по адресу: область Ұлытау, город Жезказған, площадь Қ.Сәтпаева, 1.  
Ссылка на онлайн видеоконференция-связь: <https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-ru/j.php?MTID=mb1d76fc9f9bdf2b31c5b10c8d7081264d>  
Номер совещания (код доступа): 2513 449 7666  
Пароль совещания: 123456xX

ГЕОГРАФИЧЕСКИЕ КООРДИНАТЫ УЧАСТКА:

№	Северная широта	Восточная долгота
1	47°76'74,13"	67°74'76,15"

Инициатор: ТОО «Корпорация «Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Бесбаева М.М., менеджер GR ТОО «Корпорация Казахмыс», контактный: тел. 8 (7172) 557665 (вн.10894), эл. адрес: [Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz](mailto:Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz)  
Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация «Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Сүлейменова А.Б., контактный: тел. 8 (7172) 55 76 72 (вн.10557), эл. адрес: [Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz](mailto:Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz)

Материалы проекта размещены на сайте: <https://ndbecology.gov.kz> и <https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr>.  
Замечания и предложения по проекту принимаются по ссылке <https://ndbecology.gov.kz>, на электронный адрес: [ulytau.obl\\_priroda@mail.ru](mailto:ulytau.obl_priroda@mail.ru) и почтовой адрес: область Ұлытау, г.Жезказған, ул.Ғарышкерлер15, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Ұлытау» в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл.адресу [Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz](mailto:Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz) и по номеру телефона 8 (7172)55 76 72 (вн.10557).

Регистрация производится за 15 минут до проведения общественных слушаний при предоставлении удостоверения личности.

**Отандастарымыздың зейнетақы жинақтары**



**12 айда 17,9% ұлғайды**

Қазақстандықтардың зейнетақы жинақтарының көлемі 2026 жылдың 1 сәуіріне 26,82 трлн теңгеден асты. 12 айдағы өсім 4,08 трлн теңгеге немесе 17,9%-ға өсті.

2026 жылдың 1 сәуірінде міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарының көлемі 25,12 трлн теңге. Бір жылдағы өсім 3,25 трлн теңге (14,8%).

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтары – 741,14 млрд теңге, 12 айдағы өсім – 13,4%.

Бір жыл ішіндегі ең үлкен өсім – 23,1% ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар көрсетті, 2026 жылдың 1 сәуіріне олардың көлемі – 10,09 млрд теңге.

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына 2024 жылғы 1 қаңтардан түсе бастаған жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) да ұлғаюда. Былтырғы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 2,9 есеге ұлғайып, 2026 жылдың 1 сәуіріне 950,57 млрд теңге болды.

**ТҮСІМДЕР**

Зейнетақы жинақтарының көлемі зейнетақы жарналары мен инвестициялық кіріс түріндегі кіріс ағындары есебінен ұлғаяды. 2026 жылдың алғашқы үш айында салымшылардың жеке және шартты зейнетақы шоттарына 869,33 млрд теңге түсті, өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 14,1%-ға (немесе 107,12 млрд теңгеге) артық.

МЗЖ есебі жүргізілетін жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) 2026 жылдың басынан бастап 2026 жылғы 1 сәуірге дейін 673,45 млрд теңге (өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда МЗЖ көлемі 6,7%-ға ұлғайды), МКЗЖ – 38,77 млрд теңге (өсім – 9,8%), ЕЗЖ – 499,00 млн теңге түсті. 12 айдағы ЖМЗЖ есебінен жарналар 156,61 млрд теңгені құрады.

Жыл басынан бері салымшылардың шоттарына зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) және инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) сенімгерлік басқаруы есебінен түскен таза инвестициялық кіріс 296,55 млрд теңгеден асты.

**ТӨЛЕМДЕР мен АУДАРЫМДАР**

2026 жылғы қаңтар-наурыз айларында БЖЗҚ-дан жарналардың бар-

лық түрлері бойынша жасалған төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар 360,02 млрд теңгені құрады.

Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер 68,63 млрд теңгеге жетті. БЖЗҚ-дан зейнет жасына толуына байланысты кесте бойынша берілетін орташа айлық төлем – 35 596 теңге.

2026 жылдың басынан бері тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) 135,24 млрд теңге, мұрагерлік бойынша 33,05 млрд теңге, ҚР-дан тыс жерге тұрақты тұруға кетуге байланысты 9,86 млрд теңге, мүгедектігі бар адамдарға – 933,26 млн теңге, жерлеуге – 2,37 млрд теңге көлемінде төлем жасалды. Сақтандыру ұйымдарына 109,94 млрд теңге аударылды.

**ЖЗШ саны**

2026 жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарының жалпы саны – 18,53 млн бірлік (12 айдағы өсім – 1,08 млн бірлік немесе 6,2%). Бұл ретте салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ саны 2026 жылдың 1 сәуіріне 12,76 млн бірлік болды. Оның ішінде: 11,32 млн – МЗЖ бойынша, 774,40 мыңы – МКЗЖ бойынша, 473,07 мыңы – ЕЗЖ есептелетін шоттар. Айта кетейік, МЗЖ есебі жүргізілетін шоттардың жалпы санына (11,32 млн бірлік) елден тысқары жерлерге тұрақты тұруға кеткен, бірақ жинақтарын алу үшін жүгінбеген алушылардың, мұрагерлері зейнетақы жинақтарын мұраға ресімдемеген қайтыс болған салымшылардың, 2016 жылдан бастап зейнетақымен мемлекеттік қамсыздандырылуға толық ауыстырылған әскери қызметшілердің және шоттарына Қазақстан заңнамасына сәйкес жарналар түспеуі тиіс салымшылардың (алушылардың) басқа да санаттарының шоттары кіреді.

БЖЗҚ-дағы ЖМЗЖ туралы мәліметтер ескерілетін шартты зейнетақы шоттарының саны – 5,76 млн бірлік.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтындағы «Статистика және аналитика» бөлімінде орналастырылған.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.

**ГРАФИК ПОЛИВА**

**на поливочный сезон 2026 года**

Насосные станции	Участок полива	Дни работы	Часы работы
Профилактика – Понедельник			
Насосная станция теплой воды №2	Город, 5 район, Пос.Богенбай батыра	Вторник Среда Суббота Воскресенье	10:00 - 21:00 10:00 - 21:00 14:00 - 23:00 14:00 - 23:00
Насосная станция Балка Костен Гол Сай (Город)	Прибрежная зона	Вторник Пятница	09:00 – 14:00 09:00 – 14:00
Насосная станция Балка Костен Гол Сай	Пос. Бекболатсай, Костанкелды	Среда Четверг Суббота Воскресенье	14:00 – 23:00 14:00 – 23:00 14:00 – 23:00 14:00 – 23:00
Насосная станция Балка Костен Гол Сай	91, 92, 93, 94 квартала	Среда Четверг Суббота Воскресень	14:00 – 23:00 14:00 – 23:00 14:00 – 23:00 14:00 – 23:00

**НАЧАЛО ПОЛИВОЧНОГО СЕЗОНА – 05 МАЯ 2026 ГОДА**

Сорғы станциялары	Суару учаскесі	Жұмыс күндері	Жұмыс уақыты
Профилактика – Дүйсенбі			
Жылы судың сорғы станциясы №2	Қала, 5-аудан, Бөгенбай батыр шағын ауданы	Сейсенбі Сәрсенбі Сенбі Жексенбі	10:00 – 21:00 10:00 – 21:00 14:00 – 23:00 14:00 – 23:00
Костен Гол Сай Арқалығының сорғы станциясы (Қала)	Жағалау аймағы.	Сейсенбі Жұма	09:00 – 14:00 09:00 – 14:00
Костен Гол Сай Арқалығының сорғы станциясы	Бекболатсай, Қостанкелды шағын аудандары	Сәрсенбі Бейсенбі Сенбі Жексенбі	14:00 – 23:00 14:00 – 23:00 14:00 – 23:00 14:00 – 23:00
Костен Гол Сай Арқалығының сорғы станциясы	91, 92, 93, 94-кварталдар	Сәрсенбі Бейсенбі Сенбі Жексенбі	14:00 – 23:00 14:00 – 23:00 14:00 – 23:00 14:00 – 23:00

КЕСТЕГЕ СӘЙКЕС СУАРУ МАУСЫМЫ 05.05.2026 Ж. БАСТАЛАДЫ.

**ОБЪЯВЛЕНИЕ О ЛИКВИДАЦИИ**  
**Общественное объединение «УЛЫТАУ ARCHERY»**  
БИН: 220740002908  
Юридический адрес: область Ұлытау, город Жезказған, ул. К. Сәтпаева, дом 28 «А», сообщает о принятом решении о ликвидации юридического лица.  
Решение о ликвидации принято общим собранием членов Общественного объединения «УЛЫТАУ ARCHERY» от 27 апреля 2026 года.  
В связи с этим просим всех кредиторов в течение двух месяцев со дня опубликования настоящего объявления предъявить свои требования по адресу  
Контактный телефон: **8 705 564 41 25**

**ОБЪЯВЛЕНИЕ**  
**8 мая 2026 года в 18.30 ч** состоится общее собрание Членов потребительского кооператива «АВТОМОБИЛИСТ».  
**При себе иметь удостоверение личности и приглашение!**  
Место проведения собрания: г. Жезказған ул. Сәтпаева, 26  
**(+7 777 257 57 90)**  
Члены ПК «АВТОМОБИЛИСТ»

Общественное объединение «Совет ветеранов» при ТОО «Корпорация Казахмыс» выражает глубокое соболезнование родным и близким по поводу кончины кавалера трех степеней ордена «Трудового Красного Знамени» и «Знак Почета», кавалера трех степеней нагрудного знака «Кенші Даңқы», Почетный ветеран труда ТОО «Корпорация «Казахмыс». Почетный гражданин города Сәтпаев, депутат двух созывов Сәтпаевского городского маслихата  
**БОРИСОВА Петра Евгеньевича.**  
Скорбим и разделяем горечь утраты с родными и близкими.

**МЕНШІК ИЕСІ: «Мысты өңір» газеті редакциясы» ЖШС, ҚҰРЫЛТАЙШЫ: «КәсіпҚорған» салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі**

**МЭ Мысты өңір –**  
Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының 1999 жылғы лауреаты  
**Директор – бас редактор Бағдат Айтөреұлы ҚАЗКЕНОВ**

• Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Ақпарат комитетінде қайта тіркелген (20.06.2019 ж.), куәлік №17759-Г (алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №859-Г, 16.09.1999 ж.).  
• Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды.  
**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Жезқазған қаласы, Бейбітшілік д., 2**  
**Газет тарату бөлімі +7-708-408-22-08**  
«Типография АРКО» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15

• Көлемі 4 баспа табақ. Таралымы 2200. Тапсырыс № 210  
• Газет редакцияның өз компьютер орталығында беттелді.  
• Газет Қарағанды, Балқаш, Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау, Жаңаарқа аудандарына тарайды.  
ИИК KZ61601717100000242  
АО «Народный Банк Казахстана»  
БИК HSBKZKX, БИН 000240005443. КБЕ 17